



СТУДЕНТТИК ӨМІР



Студенттік өмір - таусылмайтын және жауыр болмайтын тақырыптардың бірі. Өйткені студенттің тыныс-тіршілігі, арманы, мақсаты адамдарға қашан да жақын. Студенттік кезең – университетте білім алған әрбір адамның өмірбаянындағы ұмытылмас шақтары. Жастық шақ таусылмас күш-қайратқа толы, өмірге деген құштарлық, ғылым мен әлемді танудың ең шарықтау кезеңдерінің бірі.

Студенттік өмір-өмірдіңқызығы мен шыжығы қатар жүретін ешқашан қайталанбас сәт. Бұл тек-төрт жыл уақыт. Әр адамның өмірінде естен кетпейтіндей сәттері болады. Өмірдің өзі сәттерден тұрады десек, сондай тәтті бір кезең студент болған мезгіл. Әрине, студент өмірі өзі сүйіп таңдаған жоғары оқу орнында өтеді

Менің студенттік өмірім осы Тараз қаласындағы жоғарғы оқу орны ТАРГПИ-дан басталды.



Институт өте
ұнады. Керемет
достар таба
алдым. Бұдан
бастап өміріме
өте қызықты,
ұмытылмас
сәттер мен
бейнелер
қосылды.



Әуел бастан-ақ
келгенімнен қызықты
оқиғаларды басымнан
кештмі. Алғашқы
сессиямды да жақсы
тапсырып, енді
ғана қоршаған айналама
үйрендім. Шынымда да,
студенттік өмір бұл
қайталанбас,
ұмытылмас сәттер.





17

Қараша Студенттер күні

Студенттер, аяулы ақ мамандар,
Жыл сайын жасарғандар, жаңарғандар.

Қыз қуып терезеге қарағандар
Білім қуып бөлмеге қамалғандар.

Студенттер, аптыққан пәк көңілдер,
Өкініштер, шаттықтар, тәтті өмірлер,

Ауылға жиі айтатын сәлемдері:

“Ақша сал”, “Жетпей жатыр”, “Ап жетіндер!”

Студенттер, сарылып ой қуғандар
Қарынды қанағатқа тойдырғандар
Қара нанды достарымен қақ бөліп жеп,

Студент атанғаным мен үшін бұл үлкен құрмет!





